



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

11. http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/address-of-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-nazarbayev-to-the-nation-january-17-2014-3
12. http://www.akorda.kz/en/events/international_community/foreign_visits/today-as-part-of-the-official-visit-president-nursultan-nazarbayev-meets-president-of-the-czech-republic-vaclav-klaus
13. <http://www.akorda.kz/en/special/events/official-visit-of-the-president-nursultan-nazarbayev-to-georgia-has-been-continuing>
14. <http://www.iranembassy.no/en/6.htm>

ӘОЖ 331.556.4(410)

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ МИГРАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аблезова Азиза

aziza_ablezova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті

Аймақтану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Қилыбаева П.

Соңғы 20 жыл ішінде Ұлыбританияның миграциялық саясаты жоғарғы дәрежедегі қозғалысты көрсетеді. А.Е.Слука жазғандай, елде шамадан тыс миграциялық қарқын сақталған, бұл тіпті 1970 ж. байқалған болатын [1]. Ұлыбритания өз саясатымен әлемнің әтрүрлі елдеріндегі саяси процесстің дамуына үлкен әсер еткен мемлекеттердің біріне жатады. Иммиграциялық саладағы үкіметтік әрекеттер Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін және 1950 ж. ортасына дейін саяси топтардың мемлекетке иммиграция процесстерінің толық бағынушылығы иллюзиясының сақталуы туралы мәлімдейді. Британдық соғыстан кейінгі иммиграциялық саясаттың процесі екі қарама-қарсы саяси – басқарушылық имптивтердің бар болуын көрсеткен:

- 1) Достасты елдерімен бұрынғы қарым-қатынастарын сақтау;
- 2) ұлттық мемлекеттің (Ұлыбритания) мүдделерін жүзеге асыру.

Ол соғыстан кейінгі кезеңдегі иммиграциялық салада үкіметтік әрекеттердің қарама-қайшылығы мен тиянақсыздығына себепші болған.

Бір жағынан Ұлыбританияның соғыстан кейінгі иммиграциялық саясаты үшін эквизацияланатын императив тән болған. 1948 ж. Британдық азаматтық туралы Заңын (British Nationality Act) Ұлыбританияның құзырындағы азаматтың мәртебесі Ұлыбританияның және Достастық мемлекеттерінің барлық азаматтарына қатысты таралған. Басқа жағынан лейбористік үкімет соғыстан кейінгі кезеңде еңбек ресурстары миграциясы арқылы экономикалық және демографиялық міндеттерді шешуге тырысқан. Дегенмен бұл жағдайда Еуропа елдерінен келген келімсектерге үміт арттырылған. 1948 ж. Заңында Достастық елдерінің тұрғындарымен Ұлыбритания құзырындағы азамат мәртебесін сақтауы Ұлыбританияға соғыстан кейінгі ірі иммиграцияның «Пандора жәшігін» ашқан. 1948 ж. Заңы бойынша Достастық елдерінің барлық азаматтарына Ұлыбританияда еңбек ету құқығы кең таралған. Ол иммиграция үшін қосымша стимул ретінде қаралған.

1940-1950 жж. тұрақсыздықтың ұзаққа созылған кезеңінен кейін Ұлыбританиядағы ұлттық мемлекеттердің мүдделері Достастық елдерімен бұрынғы қарым-қатынастарын сақтауға ұмтылыстарынан басым болған. Ол мемлекеттік-басқарушы тәжірибелерге дифференциалдық императивті тапсырған, және Ұлыбританияның иммиграциялық саясаты өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап шектеулі сипатқа ие болған. XX ғ. Екінші жартысынан бастап екі пункті британдық иммиграциялық саясаттың саяси күн тәртібінде тұрақты болып есептелінді. Біріншісі: иммиграцияны мемлекеттік бақылаудың тиімді шараларын іздестіру; мақсат қойылған – елге «нөлдік» миграцияға жету (иммиграция

эмиграциядан аспауы тиіс). Екінші пункт - нәсілдік мәселелерді шешу және мигранттардың британдық қоғамға интеграциялануы мәселелерін шешу. XX ғ. 60-70 жж. британдық иммиграциялық саясаттың нормативтік базасын 6 заң толықтырған: иммигранттардың ағымын шектейтін үш заң (1962 ж., 1966 ж., 1971 ж.) және нәсілдік кемсітушілікпен күресу туралы үш заң кемсітушілікке қарсы заңнаманың қабылдануымен бірге мигранттардың интеграциялануының ассимиляцияланған тәжірибелерінен көп мәдениеттікке көшудің алғышарттары құрылған. Көптеген зерттеушілер Ішкі Істер Министрі Р.Джекинстің 1966 ж. көпке танылған сөз сөйлеуін есептеу нүктесі деп есептейді. Өз сөзінде ол интеграция «ассимиляцияны жеңілдету процессі емес, жұмысқа қабылдау кезінде мәдени әр алуандықпен қосақталып жүретін, өзара шымамдылық атмосферасындағы тең мүмкіндіктер.

Мигранттар интеграциясының мультимәдениеттік тәжірибелерінің жүзеге асуы 1970 ж. мектептік білім беру саласында басталған.

Нәсілдік артықшылықтар жүргізуші партиялардың саяси бағдарламаларында және иммиграцияны реттейтін нормативтік құжаттарда анық артикуляцияланбаған. Керісінше, Ұлыбританиядағы жасырылмаған нәсілшілдік және этностық бөлу саясаты маргиналдардың сыбағасы болып табылады. Иммиграция мәселелері бойынша саяси дискурсты радикалдандырудың куәлігі болып 1968 ж. А.Пауэллдің сөзі болып қалады. Вергилиядан метафораны қолданып, Пауэлл британдық қалалардың көшелеріндегі «қан төгілетіндігі» туралы және де бұрынғы иммиграциялық саясатты жалғастыру кезінде нәсілралық шиеленіс туралы айтқан. Д. Стадлердің ойынша, егер 1960 ж. халық иммиграция мәселесі бойынша Партиялық ұстанымдар арасында ешқандай айырмашылықтар жасамаса, онда 1970 ж. таман Э.Пауэллдің арқасында консерваторлардың шектеулі иммиграциялық саясатты қолдаушылар имиджі сақталынған[2].

Э.Хит (1970-1974 жж.) консервативтік үкіметтің әрекеттері иммиграциялық саясатты қатайтуға үміттерін атрқан сайлаушылардың үміттерін ақтаған жоқ. 1971 ж. иммиграциялық заң өзінің сыртқы «шектелуіне» қарамастан отбасыға қайтадан қосылу жолымен Достастық елдерінен иммиграциялануға кең мүмкіндіктерін қалдырған. Ұлыбританияның ірі орталықтарындағы «көрнекі азшылықтар» санының өсуі жалғасты. Нәсілдік мәселелерге көңіл аудару экономикалық дағдарыс кездері нығая бастады. Онжақты либералдар үкіметтік иммиграциялық саясаттағы либерализмді сынға алып тез арада саяси салмаққа ие болған. Тым бірқалыпты оппоненттері бар сайлаушылар үшін күресуде жетістікке жеткен саяси күштердің радикалдануы ақыр аяғында жалпы ұлттық саяси күш ретінде олардың болашағын тартып алған. Британдық радикалдар қойған партияларға барабар бәсекелес болып саяси мейнстримге кіре алмады. Солай 70-шы жылдары онжылдықтың бірінші жартысында жергілікті клубтарда жеңіске жеткен Ұлттық фронтпен болған, ал 80-шы ол өз тіршілігін тоқтатты. Осыған тәрізді эволюция Британдық Ұлттық партияға жеткен, ол үшін консерваторлардың М.Тэтчер басшылығындағы жеңісі 1979 ж. идеологиялық жеңіліс білдірген. Ультра онжақтағылардың белсенділігі өз танымалдығы үшін керісінші әсерге ие болған. Ол ірі партияларға дауыс беріп этностық азшылықты және оларға ортақ көпшіліктің өкілдерін ссайлаушы кампанияларға белсенді түрде қатысуға мәжбүрлеген, нәтижесінде ірі партияларға радикалдардан олардың ықыластарын алып қойған.

М.Тэтчер үкіметі иммиграцияның шарасыз әлеуметтік шығындарының қысқаруы жағдайында иммигранттардан түсетін экономикалық пайданы көбейтуге тырысып, миграциялық ағындардың құрылымы мен сапасындағы өзгерістердің қажеттілігі алдында тұр. Үкімет иммиграция құрылымындағы экономикалық мигранттардың үлесін азайту мақсатын қойды. Қысқартулар еңбек миграциясын да қозғаған. Жұмыс істеу рұқсаттарын беру жүйесі күшейтілгендіктен еңбек мигранттарының жыл сайынғы саны 1969 ж. 75 мың адамнан және 1982 ж. 15 мың адамға дейін азайған және 1999 ж. таман 80 мың адамға дейін өскен.

1951-1991 жж. кезеңінде британдық халық 15%-ға өскен. Иммиграцияның салымы бұл өсімнің жартысынан азын құраған. Соғыстан кейінгі 35 жылдар үшін Ұлыбританияның халқы өсіміне иммиграцияның салымы нөлге жақын болған. Ұлыбритания Батыс

мемлекеттері арасында ұзақ уақыт бойы «девианттық» жағдай болып қалған: үкімет тарапынан артикуляцияланатын иммиграцияны қысқарту бойынша мақсаттар өткізілетін саясаттың нәтижелерінен тым алыстамаған. Дегенмен, 80-шы жылдардың ортасынан иммиграциялық жағдай маңызды өзгерістерге ұшыраған.

Сонымен қатар, Ұлыбританияның миграциялық саясатының эволюциясын зерттеу арқылы Ұлыбританияның 2010-2015 жж. миграциялық саясатын анықтадық.

Ұлыбританияда 1992-1993 жж. сырттан келгендердің саны сыртқа шыққандарға қарағанда асады. 1998 жылы таза миграция жылына 80 мың адамнан аспайтын, бірақ 1999 жылдан бастап жылына 140 мыңнан төмен түспейді.

2001 ж. санағы мәліметтері бойынша Ұлыбритания халқының 57 млн ішінен әрбір он екінші тұрғыны қайсыбір этникалық азшылыққа жатқан, 2011 ж. 63 млн санына келгенде – әрбір алтыншы, 2014 ж. елдің халық саны 64,5 млн асты.

Консерваторлар 2015 ж. мамырына таман мигранттардың таза келуін жылына 100 мыңға дейін бес жылдың ішінде азайту уәдесімен бірге 2010 жылы билікке келген. 2010 ж. өткен сайлауда консервативтік партияның жеңіске жетуін қамтамасыз еткен факторлардың бірі болып 2000-2008 жж. мигранттарды тарту арқылы сайлаушылар санын көтеру үшін құрал ретінде лейбористік партиямен пайдаланылғаны туралы Эндрю Низердің 2009 ж. 23 қазан айында шыққан мақаласы болды. Низер Тони Блердің министрлер кабинетінің спичрайтерлерінің бірі және ішкі істер министрлері Джек Стро мен Дэвид Бланкеттің кеңесшісі болған. Сондай-ақ лейбористер үкіметі ондай ірі миграция маңызды әлеуметтік мәселелерге душар етуі мүмкін екенінде хабардар болған [3]. 2010 ж. Лейбористік партияның бірнеше ішкі құжаттары жария етілген, онда бұқаралық иммиграцияны ынталандыру туралы айтылған. 2010-2014 жж. қабылданған миграцияны төмендету бойынша нағыз қабылданған шараларға келесілер жатады:

- 1) Мигранттардың ағылшын тілін білуін тексеретін тесттерді радикалды түрде каталдандыру;
- 2) Сырттан келушілерге жалған визалар берген білім беру мекемелерінен (әсіресе колледждерден) 300 лицензияға жақын пікір;
- 3) Мамандардың (соның ішінде жоғары мамандырылған) келуіне квоталардың төмендеуі;
- 4) 2010-2012 жж. ішінде Ұлыбританияның 500 тілдік мектептеріне жуық шетел студенттеріне демеушілік ету құқығынан айырылды;
- 5) Шетел азаматтарына Ұлыбританияға жаңадан отбасылары қосылуды желеу қылып тұрақты мекендеу орнына келуге мүмкіндік беретін жалған некелермен күресуді белсендіру.

Дегенмен бұл шаралар миграциялық ағынның маңызды түсуіне әкелген жоқ. 2014 ж. аяғына елге таза миграция жылына 318 мың адам құрады, не өткен жылға қарағанда байқарлықтай көп – 209 мың адам. 2014 ж. елге келгендердің барлығы 641 мың адам құрады (2013 ж. – 526 мың), ал 341 мың адам елден шыққан (2013 ж. – 317 мың), 2012 ж. таза миграция 177 мың адам болды (498 мың адам келді, 321 мың адам сыртқа шықты). Ұлыбритания халқының тек қана 2012-2014 жж. миграция есебінен өсуі жылына 200-300 мың адам деңгейінде қалуда. 2014 ж. аяғында британдық консерваторлар миграциялық саясаттың құлауын мойындаған. Осы кезеңнің миграция құрылымында ЕО-тан келген мигранттардың үлесі байқарлықтай өскен. Егер 2012 ж. сырттан ЕО 158 мың азаматтары келген болса, ЕО-тан емес – 260 мың адам, онда 2013 ж. – 201 мың және 248 мың адам, тиісінше. 2014 ж. – 268 мың және 290 мың адам, тиісінше.

2000 жылдары Ұлыбританияға миграцияның дәстүрлі аймақтарынан – Оңтүстік Азия, Бангладеш және субсахарлық Африкадан келгендер үлесінің төмендеуі (абсолюттік және салыстырмалы) басталды. 2015 ж. басында бұл аймақтар мигранттардың саны бойынша біріншілігін жоғалтқан. Егер 2011 ж. Оңтүстік Африкадан 125 мың адам келген болса, Сахараның Оңтүстік жағындағы Африка елдерінен – 22 мың адам, онда 2012 ж. 64 мың және 19 мың адам, тиісінше, ал 2013 ж. – 44 мың және 15 мың, тиісінше, 2014 ж. тек 68 мың және

18 мың, тиісінше. Сол кезеңнің ішінде А8-ден келген мигранттардың жалпы саны азайған жоқ, ал А2-ден бірнеше есе артты. 2011 жылы А8-ден елге 69 мың адам келген, А2-ден – 12 мың адам. 2012 жылы 56 мың және 9 мың, тиісінше. 2013 жылы 61 мың және 23 мың, тиісінше. 2014 жылы – 72 мың және 46 мың, тиісінше.

Елде ресми түрде жұмыс істейтін британдық азаматтардың саны 2015 ж. 1 тоқсанында 2014 ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда 11%-ға көтерілген – 2,8 млн адамнан 3,1 млн адамға дейін, олардың ішінде ЕО азаматтары 9 млн адам құрайды (17% артуы – 283 мың адам), ЕО-тың азаматтары еместер 1,2 млн адам (1% артуы – 11 мың адам). 2015 жылы Ұлыбританияға кіру визаларының ең көп саны ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға (23 мың), ғылыми-техникалық қызметкерлерге (10 мың), қаржы және сақтандыру саласындағы менеджерлерге (6 мың) берілген, кәсіби жұмысшылардың (10 мың) және уақытша қызметкерлердің (5 мың) үлесі байқарлықтай. Мамандығы бойынша жұмысқа тұру үшін кіру визаларын барлығынан көп алатындар Индия азаматтары (56%), ары қарай АҚШ азаматтары (12%). 2014 ж. желтоқсан айына барлығы 545 мың кіру визалары берілген, не шамамен 2005-2014 жж. Алдағы өткен онжылдықтың ұқсас кезеңдерін тең, ол кездері орташа 500-600 мың кіру визалары берілетін. Бұл сандар консерваторлар 2010-2014 жж. Өздерінің лейбористтері бастамашыларының 1997-2010 жж. миграциялық саясатын жаңадан қараудан бас тартқаны туралы болжауды дәлелдейді. Тек кіру визалары берілетін өкілдердің аймақтарының өзгеруі ғана есте қаларлық. ЕО-тың кеңеюіне байланысты еуропалық елдер қатарының азаматтарына визалардың қажеті жоқ, мүмкін Еуропадан келетіндер үшін визалардың саны 2005 ж. желтоқсан айында 79 мыңнан 2014 ж. желтоқсанында 44 мыңға дейін төмендеді. Оңтүстік Азия мен америкалық континенттерден келген мамандар үшін визалар беру деңгейі тұрақты болып тұр, орташа жылына 150 мың және 67 мың, тиісінше[4].

Елде жұмыс істейтін шетел азаматтарының өсуімен бірге, әлеуметтік салаға да жүк түсті, оны британдық биліктермен шетел азаматтарына берілетін мемлекеттік сақтандырудың жаңа нөмірлерінің («National Insurance number») санын талдау негізінде байқауға болады. 2006-2014 жж. кезеңінде шетел азаматтарына жыл сайын орташа 640-650 мың нөмірлер берілген. Көптеген нөмірлер 2014-2015 жж. берілген 2015 ж. наурыз айына мәліметтер бойынша 822 мың нөмір, не 2014 ж. наурыз айында болғаннан 202 мыңға артады (37%). Ондай өсімді ЕО-тан келгендер әбден қамтамасыз еткен, бәрінен бұрын Болгария мен Румыниядан, олар бойынша артуы 200% - 2014 ж. 65 мың нөмірден 2015 ж. 128 мың нөмірге дейін.

Саяси баспана алу мақсатымен Ұлыбританияға келу басқадай себептердің ауқымында мигранттардың тұрақты қайнар көзі болып табылады. 2015 ж. басында саяси баспана беру туралы сұраулардың саны 25 мыңға жетті, ол өткен жылға қарағанда біраз асады – 23 мың, бірақ 2002 жылға қарағанда аз – 84 м. Өтініштердің ең көп саны Эритриядан (9552), Пәкістаннан (2421) және Сириядан (2222) тіркелген.

Миграция деңгейін төмендету үшін консерваторлармен қабылданған шаралар кардиналды сипатқа ие болған жоқ, өйткені британдық экономика арзан еңбек ресурстары ретінде толықтыруды қажет етеді.

1970 ж. бастап Ұлыбританияның жергілікті халқы арасындағы туу көрсеткіші әдеттегі ұдайы өндірістен төмен орналасқан. 2000 ж. бастап еңбекке қабілетті негізгі өсімі тек қана мигранттармен қамтамасыз етіледі, ал британдық халық (бәрінен бұрын ағылшындықтар) қартайып жатыр, оның үлесі ел халқының жалпы құрамында байқарлықтай төмендеп жатыр және 2011 ж. мәліметтері бойынша 79% құрайды (2001 жылы 87% болды) .

Естен тандыратын демографиялық мәліметтер құпиялы ақпаратқа жатпайтынына және жыл сайын Мемлекеттік статистика қызметімен баспаға шығарылатындығына қарамастан, Ұлыбританияның қазіргі саяси истеблишментінің көпшілік жолдауының бұл мәселеге қатысы жоқ.

Елдің соңғы 15 жылдықтағы премьер-министрлерінің маңызды үндеулерінің біреуінде демография саласындағы қиыншылықтар жалпы мемлекеттік деңгейде ашық түрде талқыланбаған. БАҚ-да бұл тақырыпты талқылауға тыйым салынған. Мүмкін, бұл мәселе

көптеген басқадай әлеуметтік – экономикалық қиыншылықтармен байланысты болғандықтан.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлыбританияның «Иммиграция туралы» 1971 ж. Заңы
2. Слука А.Е. Население Западной Европы: Воспроизводство, миграции, расселение, занятость.- М: 1984 г. – с. 133
3. Котчеткова Л.Ю. Современные тенденции внутренней миграции Великобритании// Вестник ТГУ, 2014. – 271 б.
4. Юдин Т.Н. Социология миграции: Учебное пособие для вузов. М: Академический Проект, 2006. - 221 с.

ӘОЖ 327.81

«ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІ» ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Айтмаханов Жанболсын Маликович

Zhan_996@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті,

Аймақтану кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Қилыбаева П.Қ

1. « Экономикалық белдеудегі жаңа жібек жолы»

«Экономикалық белдеудегі жаңа жібек жолы» жобасының қатысушылары мен олардың мақсаттары

Қытай біздің заманымызға дейін І.ғ бастап жүргізген саясатын Си Цзин Пинь 2013 жылдан бастап қайта жандандыра бастады. Бұл саясат мемлекеттердің экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік жағынан байланыс жасауға және Орта Азия, Қытай, Еуропа, Парсы шығанағын, Үнді мұхитың біріктіріп жаһандану процессін жеделдетеді. Жібек жолы саясаты бойынша , үш трансевразиялық экономикалық жолдардан тұратын болады.

Олар солтүстік бағыт:

Қытай -Орта Азия –Ресей – Еуропа.

Екіншісі орталық жол:

Қытай – Орта Азия және Алдыңғы Азия –Жерорта теңізіне дейін жетеді.

Ал үшінші: оңтүстік жол:

Қытай - Оңтүстік-Шығыс Азия- Үнді мұхиты.

Бұл жаңа жоба әлемнің 63 пайыз халқын және 21 триллион АҚШ доллары болады. Негізі 2014 жылы басқа да жолдар қарастырылды, мәселен Хоргостан шыққан поездар Қазақстан арқылы өтіп Каспий арқылы Азербайжан мен Грузия үстінен өтіп Түркия жеріне келуі тиіс болды. Алайда бұл өте шығынды жол болып шықты. Өйткені тауар 5 кеденнен өтетін еді, ол тауардың қымбаттауына әкеп соғар еді. [1]

Қытай Халық Республикасының басшысы Си Цзин Пинь Жібек жолы саясатын Еуразиялық Экономикалық Одақпен байланыс жасаудан бастады. Қытайдың Еуразиялық Одақпен жасасқан келісім бойынша, жаңа теміржолдар мен көлік жолдар салынуы тиіс. Осы жобай бойынша Оңтүстік-Шығыс Азиямен Еуропа арасындағы ара қашықтық 50 пайызға қысқарады. Бұл саясат Суэц каналының техникалық жағына шектен тыс көп кемелер өтуде.

Алдағы уақытта Пекин-Алматы-Мәскеу жүйрік поездары жүретін болады. Бұл темір жол арқылы Пекинен Мәскеуге екі күнде жетуге болатын болады. Поездар 200-400 км/сағ жүретін болады.